

Ұстазға арналған атаулы дәрісхана


2001 жылы ғана қабырғасы қаланып, қаламыздағы басқа оқу орындарымен бірге бой көтерген Экономика және қаржы колледжі 2012-2013 оқу жылын Жақия Шайжүнісұлының атымен бастап, Жақия Шайжүнісұлы атындағы электронды колледж болып өзгерді.



Осы орайда, Халық мұғаліміне атаулы дәрісхана ашылып, өмірі мен қызметінен ақпарат беретін материалдармен толықтырылды. Сонымен қатар, «Шайжүнісов шыңын бағындырушылар мектебі» құрылып, құрамына білімі мен талабы, дарыны мен талантын көрсете білген білім алушыларымыз мектеп қабырғасына қабылданды.



Колледж ұжымының бас қосуында, үлкен талқыдан өтіп, мектептің Ережесі дайындалып, тыңдаушылардың міндеттері мен мақсаттары айқындалды.



Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «Күшті ұлт болу үшін алдымен ішкі бірлік, ұйымшылдық пен татулық қажет. Ал сондай ұлтты алға жетелейтін білімді, патриот, еңбекшіл, өз салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін, дінін, ділін құрметтейтін азамат нағыз көшбасшы болуға лайық» - деген сөйлемінде шынайы көшбасшыны бейнелейді. Міне, біз де осындай ел ертеңіне іскерлік қабілетін, білімі мен білігін арнайтын жастар өскенін қалаймыз. Бұл мектептің әр тыңдаушысы ең алдымен Отанды сүюдің, туған еліне



сүйіспеншіліктің биік көрінісін көрсеткен – Жақия ұстаздың жолын басшылыққа алмақ.